

**"Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға облыстық бюджет қаражатынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі N 22 қаулысына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы әкімдігінің 2011 жылғы 15 тамыздағы N 109 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 13 қыркүйекте N 4275 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2012 жылғы 08 маусымдағы N 471 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2012.06.08 N 471 Қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға облыстық бюджет қаражатынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі N 22 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4268 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 30 сәуірінде "Сыр бойы" газетінде N 81-82 және "Қызылординские вести" газетінде N 70-71 жарияланған) мынадай өзгеріс және толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыдағы 2 – қосымшада:  
мемлекеттік тіл мәтініндегі реттік нөмірі алтыншы жолының үшінші бағаны "50%-ға дейін" деген сөздерімен толықтырылсын;

көрсетілген қаулыдағы 3 – қосымшада:  
орыс тілі мәтініндегі "Тамшылатып суарудың ирригациялық жабдықтарын сатып алуға және монтаждауға кеткен шығындарды ескере отырып отырғызу", "Субсидия (40% дейін)", "2-ші жыл өсіру", "3-ші жыл өсіру", "4-ші жыл өсіру" атаулы бағандары ", теңге/гектар" сөздерімен толықтырылсын;

мемлекеттік тіл мәтініндегі:  
"Тамшылатып суарудың ирригациялық жабдықтарын сатып алуға және монтаждауға кеткен шығындарды ескере отырып отырғызу", "2-ші жыл өсіру", "3-ші жыл өсіру", "4-ші жыл өсіру" атаулы бағандары ", теңге/гектар" сөздерімен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"Субсидия (40%)", атаулы бағаны "Субсидия (40 % дейін), ", теңге/гектар"  
с ө з д е р і м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары Р.  
Н ұ р т а е в қ а ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі* *Б. Қуандықов*